

ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫНЫҢ ЖЫЛДЫҚ ЕСЕБІ ТЫҢДАЛДЫ

2016 жылдың 16 маусымы күні университет ректоры С.Ж. Пірәлиевтің төрағалығымен өткен Ғылыми Кеңесте Тәрбие ісі жөніндегі проректоры Ж.Е. Ішпекбаевтың жылдық есебі тыңдалды.

Проректор есептік кезеңде тәрбие жұмысын ұйымдастыру барысында келесі басымдықтарға:

- *«Мәңгілік ел» ұлттық идеясы негізінде қазақстандық патриотизмге тәрбиелеу;*
- *діни сауаттылықты арттыру;*
- *әлеуметтік-психологиялық жұмыс;*
- *сыбайлас жемқорлық және құқық бұзушылықтың алдын алу;*
- *салауатты өмір салтын қалыптастыру;*
- *студенттік өзін-өзі басқаруды дамыту;*
- *тәрбие жетекшілігі жұмысын жетілдіруге аса мән берілгендігін атап өтті.*

Сонымен қатар, тәрбие үдерісі университеттің стратегиялық, кешенді, тәрбие жұмысының жылдық, мерзімді жоспарларына сәйкес жүзеге асырылғандың тілге тиек етті. Жалпы бойы жоспарлы және жоспардан тыс 758 шара өткізілді.

Университеттің Ғылыми Кеңесі мүшелері академик А.С. Бисенова, Ж.И. Намазбаева, профессор Б.А. Әлмұхамбетов, Б. Әбдіғазиұлы, Р.Ә. Шаханова, К.К. Жампеисовалар тәрбие жұмысын жоғары бағалап, келешекте тәрбие үдерісін жандандыру бойынша ұсыныстарын білдірді.

Тәрбие жұмысының есебі аясында студенттердің бос уақытын тиімді ұйымдастыру, олардың шығармашылық қабілеттерін арттыру мақсатында университет жанында жұмыс жасайтын студенттік клубтар мен үйірмелердің көрмесі ұйымдастырылды.

Тәрбие жұмысы, жастар саясаты және мемлекеттік тілді дамыту басқармасы





2016 ЖЫЛДЫҢ «ҮЗДІК ТӘРБИЕ ЖЕТЕКШІЛЕРІ» МАРАПАТТАЛДЫ

Тәрбие жетекшілігі жүйесінің жұмысын жетілдіру, шығармашылықпен жұмыс жасайтын тәрбие жетекшілерін анықтау, оларды моральдік тұрғыда ынталандыру мақсатында университетімізде 2012 жылдан бері «Үздік тәрбие жетекшісі» байқауы ұйымдастырылып келеді.

Бүгінгі күнге дейін 133 тәрбие жетекшісі «Үздік тәрбие жетекшісі» төсбелгісімен және материалдық тұрғыда марапатталды.

Дәстүрлі байқау биылғы оқу жылы университет ректорының қолдауымен 29 наурызы мен 15 сәуірі күндері аралығында өткізілді. Екі кезеңде өткен байқауда 50-ге жуық тәрбие жетекшісі бақ сынасып, олардың ішінен 24 тәрбие жетекшісі «Үздік тәрбие жетекшісі» атағына лайық болды.

Жеңіске жеткен тәрбие жетекшілерін марапаттау үшін **2016 жылдың 10 маусымы күні** салтанатты шара ұйымдастырылып, шара барысында университетіміздің *Тәрбие ісі жөніндегі проректоры Ж.Е. Ішпекбаев үздіктерді жеңістерімен құттықтап, салтанатты түрде «Үздік тәрбие жетекшісі» төсбелгісімен марапаттады.*

Марапатталған тәрбие жетекшілері университет басшылығына өз ризашылықтарын білдіре отырып, бұдан әрі де жастара тәрбиесі ісіне аянбай еңбек ететіндері жеткізді.





**Тәрбие жұмысы, жастар саясаты
және мемлекеттік тілді дамыту басқармасы**

ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КОМИССИЯНЫҢ КЕЗЕКТІ ОТЫРЫСЫ

2016 жылдың 8 маусымы күні университеттегі Жемқорлыққа қарсы комиссияның кезекті отырысы болып өтті. Аталмыш жиынға Жемқорлыққа қарсы комиссия төрағасының орынбасары – Ж.Е. Ішпекбаев, Жемқорлыққа қарсы комиссия төрағасының орынбасары – А.Ф. Сейтжанов, комиссия мүшелері (топ жетекшілері) – Б.Б. Нұрбатыров, С.К. Алшынбеков, А.Ү. Абдықалықов, Н.М.Тоқмолдаев, Р.Қ. Сеитов, комиссия хатшысы Қ.А. Бекбенбетова қатысты. Жиын барысында Ж.Е. Ішпекбаев университетте сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша атқарылып жатқан шаралар барысымен таныстырып, жазғы сессия барысында сыбайлас жемқорлықты болдырмау және оның алдын алу мақсатында әзірленген кестеге сәйкес студенттер мен профессор-оқытушылар құрамы арасында сауалнамалар мен әңгіме жүргізу, жемқорлық әрекеттердің алдын алу шараларын күшейту қажеттігіне тоқталып өтті.

Жиын соңында жыл бойы ауқымды жұмыс атқарып, университет қабырғасында жемқорлық әрекеттерге жол бермей, нәтижелі жұмыс жасап келе жатқан жемқорлыққа қарсы комиссия беделін арттыру мақсатында комиссия төрағасы, төраға орынбасарлары мен топ жетекшілеріне арнайы әзірленген куәліктер мен бейджиктер табысталды. Сонымен қатар, белсенділік танытқан комиссия құрамындағы топ жетекшілері Алғыс хаттармен марапатталды.



Тәрбие жұмысы, жастар саясаты және мемлекеттік тілді дамыту басқармасы

ҰРПАҚҚА ҰРАН БОЛҒАН – ҰЛЫ ЖЕҢІС

Ұлы Отан соғысының аяқталғанына биыл – 71 жыл. Кешегі қан майданда небір көзсіз ерліктер көрсетіп, ысқырған оққа тайсалмастан кеудесін тосқан жандарды құрметтеу – бүгінгі ұрпақтың парызы. Ұлы Отан соғысы дәуіріндегі көрнекті оқиға жылдан жылға алыстаған сайын Жеңістің әлемдік тарихи ұғымы көз алдымызда айбынды болу үстінде. Көктемде шыққан алғашқы қызғалдақтармен бірге ордендер мен медальдар тағып шыққан майдангерлер саны азаюда. Соғыс жылдарында жасаған ерліктерімен ел жүрегінде қалған батырларымызды ешкімде ешқашан ұмытпайды.

2016 жылдың 6 мамыры күні университетімізде Ұлы Жеңістің 71 жылдығына арналған «Ұрпаққа ұран болған – ұлы Жеңіс» атты мерекелік кеш аталып өтті. Кеш барысында университетімізде ұстаздық еткен Ұлы Отан соғысы, еңбек майданы, тыл ардагерлеріне құрмет

көрсетілді. Сұрапыл соғыстың боздақтарын 1 минут үнсіз еске алумен басталған мерекелік кешті университет ректоры С.Ж. Пірәлиев ашып, отты жылдарда ерлік көрсеткен рухы биік ардагерлерімізге алғысын білдіре отырып, ақшалай сыйақы табыстады.

Ұлтымен ұлысына қарамай қан кешкен ата-бабамыздың ерлігін әспеттеп, тағзым ету ұрпақ парызы. Осы орайда, білім шаңырағында ардагерлерге арнайы мерекелік дастархан жайылып, концерттік бағдарлама ұсынылды. Ардагерлер атынан академик, филология ғылымының докторы, профессор Серік Қирабаев сөз алып, ардагерлерді Ұлы Жеңіс мерекесімен құттықтап, студент жастарға ақ бастасын берді.

Оққа ұшқан қарулас жолдастарының аманатын арқалап, аман оралған ардагер аталарымызға мерекелік шарада құрмет көрсетіліп, рухты әндер айтылды. Айкүміс Бөлегеннің орындауында «Ана туралы баллада», Исмаил Сағыныш «Шарманка», «Кәусар» тобы «Журавли», Ұлдана Еркебек «Земля моя» әндерін орындап, ардагерлердің мерейін үстем қылды. Кеш соңында ардагерлермен естелік суретке түсіп, ертеңгі тарих беттеріне тағы бір парак қосылды. Университет қабырғасындағы Кеңес Одағының батыры Мәлік Ғабдуллиннің ескерткіш тақтасының алдына гүл шоқтары қойылып, одан әрі 28-ші гвардиялық-панфиловшылар саябағындағы «Мәңгілік алау» ескерткішіне тағзым жасалды.

Қаһармандарымыздың соғыс жылдары ұрыс даласында, тылда көрсеткен ерліктерін ешкім де, ешқашан да ұмытпайды. Ұлы Жеңіс ел тарихының өшпес беті болып, ер есімі ел есінде мәңгі мәңгі қалады.





«АЛМАТЫ КӨКТЕМІ - 2016» АТТЫ СТУДЕНТТІК КӨКТЕМ ФЕСТИВАЛІ МӘРЕСІНЕ ЖЕТТІ

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті Жастар ісі жөніндегі комитетінің ұйымдастыруымен 2016 жылдың 20-28 сәуір күндері аралығында Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 25 жылдығы, Алматы қаласының 1000 жылдығы аясында «Алматы көктемі - 2016» атты Студенттік көктем фестивалі өтті. Фестиваль мақсаты – Студенттердің азаматтық белсенділіктерін арттыру, дарынды орындаушылар мен ұжымдарды анықтау, олардың шығармашылық әлеуетін іске асыруына жағдай жасау; шығармашыл студент жастар арасында тәжірибе алмасу мүмкіндігін қалыптастыру; студенттердің бос уақытын ұтымды ұйымдастыру; студент жастарды мәдени, қоғамдық-саяси өмірге тарту; өнерді дамытуға жұртшылықтың және бұқаралық ақпарат құралдарының назарын аудару; ел жандылық пен бірлікке тәрбиелеу. Биылғы «Алматы көктемі - 2016» атты Студенттік көктем фестивалі төмендегідей бағдарламамен өтті:

- «Қыздарға әсемдік жарасады» атты AVON компаниясымен бірлесе сұлулық күні акциясы,

- ҚР халқы бірлігі күніне орай «Бірлігіміз жарасқан» атты акциясы,
- «Қайырымдылық жолымен..» атты танымдық акция,
- «Дені сау ұрпақ – жарқын болашақ» атты Ректор кубогына арналған жатақхана аралық мини-футболдан турнир,
- Болашақ педагогтарға арналған «Үздік сынып жетекші» байқауы,
- «Ең үздік жатақхана», «Ең үздік бөлме» сайыстары,
- Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай «ЕХРО 2017: ҚР инновациялық экономикасының даму тетігі» атты университетішілік пікірсайыс турнирі,
- Жастарды жазғы маусымда уақытша жұмыспен қамту мәселесіне арналған «Жастық, Жігер, Еңбек» атты кездесу.
- «Көктем Сұлтаны, Көктем Аруы» байқауы.

Студенттік фестиваль аясында өткен барлық байқаулар мен ойындардың жеңімпаздары университет ректорының Мақтау қағазымен марапатталып, белсенді студенттерге және ұйымдастырушыларға алғыс хаттар табысталды.

Жастар ісі жөніндегі комитет





БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТАР АРАСЫНДА «ҮЗДІК СЫНЫП ЖЕТЕКШІСІ» БАЙҚАУЫ ӨТТІ

Болашақ мұғалім – ол өзінің пәнін біліп қана қоймай, сонымен қатар педагогикалық үдерістегі әр қатысушының орнын көре біліп, оқушылардың іс-әрекетін ұйымдастырып, оның нәтижелерін алдын ала байқап, мүмкін болатын жағдайда артта қалушылықты реттеуді меңгеруі керек. Оқушылардың құндылық бағдарын, жалпы мәдениет, оқу-танымдық, ақпараттық, әлеуметтік-тұлғалық құзырлылықтарын қалыптастыруға қабілетті маман дайындау педагогикалық оқу орындарының басты міндеті. Осы орайда, болашақ маманның мектептегі тәрбие жұмысын әдістемелік тұрғыда дұрыс ұйымдастыра білуін, кәсіби қабілеттерін қалыптастыру мен дамыту мақсатында **2016 жылдың 25 сәуірі күні Тәрбие басқармасы мен Жалпы педагогика кафедрасының бірлесе ұйымдастыруымен «Алматы көктемі -2016» атты Студенттік көктем фестивалі аясында «Үздік сынып жетекші» атты университетішілік байқау болып өтті.** Аталмыш байқауға болашақ сынып жетекші ретінде 7 үміткер бақ сынасты. Олар: Педагогика және психология институтының 3 курс студенті Жумадилова Айгул; Көптілді білім беру институтының 2 курс студенті Ашықбай Раушангүл, Физика, математика және информатика институтының 1 курс

студенті Сәрсенбек Айнұр, Тарих және құқық институтының 4 курс студенті Әбдінәсір Назира, Жаратылыстану және география институтының 2 курс студенті Базарбаева Айгүл, Филология институтының 2 курс студенті Құлбек Алтынай, Өнер, мәдениет және спорт институтының 2 курс студенті Қадырова Лаура.

Жалпы педагогика кафедрасының білікті профессорлары байқауға қазылық етті. Байқау «Өзін – өзі таныстыру», «Ұшқыр ойдан белсенді әрекетке» педагогикалық жағдаяттарды шешу, «Сыныптың тәрбие жұмысын мультимедиялық презентациялау» және «Менің тәрбиеге көзқарасым» сынды 5 талаптан тұрды. Сайыс барысында әрбір қатысушы теориялық білімдерін практикаға ұштастыра отырып, терең білімдері мен шығармашылық қабілеттерін көрсете білді.

Байқау нәтижесінде Физика, математика және информатика институтының 1 курс студенті – Сәрсенбек Айнұр «Талапты сынып жетекшісі» номинациясымен, Педагогика және психология институтының 3 студенті – Жумадилова Айгүл «Ұшқыр ойлы» номинациясымен, сөзге шебер, көркем сөз қолданыстарымен ерекше көзге түскен Филология институтының 3 курс студенті – Құлбек Алтынай «Сөз шебері» номинациясымен марапатталып, ал ең жоғары балл жинап, үздік өнер көрсеткен Жаратылыстану және география институтының 2 курс студенті – Базарбаева Айгүл «Үздік сынып жетекшісі» атағына ие болды.

«Үздік сынып жетекшісі» байқауы болшақа педагогтардың еркін сөйлей білуге баулып, біліктілігі мен білімділігі сынайтын жарыс болғанын сеніммен айтуға болады. Сол себепті ұйымдастырылып отырған бұндай шаралардың болашақ педагог мамандарға берер азығы мол.





Тәрбие жұмысы, жастар саясаты және мемлекеттік тілді дамыту басқармасы

ІЗГІЛІГІ МОЛ МЕРЕЙЛІ ІС

Атадан мал қалғанша тал қалсын. Тегінде ата-бабаларымыз бекер айтпаса керек. Осыған орай, 22 сәуір – Халықаралық Жер күніне, Алматы қаласының «1000 жылдығы – мың қайырымдық іс» аясында аталмыш күні университетіміздің Тәрбие басқармасы, Жастар ісі жөніндегі комитетпен Жалпы педагогика және психология кафедрасының ұйымдастыруымен қаламыздың түрлі нысандарына көгалдандыру жұмысы жүргізілді. Атап айтатын болсақ, білім ордасының белсенді студенттері Алматы қаласы, №1 Қалалық мамандандырылған балалар үйіне, Мамыр 7 ықшам ауданында орналасқан Ардагерлер үйіне, 28-ші гвардиялық-панфиловшылар саябағына тазалық жұмыстарын жүргізіп, түрлі ағаш түптері мен гүл көшеттерін отырғызды. Еңбектеген баладан-еңкейген қарттардың жүрегіне қуаныш сезімін ұялата білген студент жастарымыздың қайырымдылыққа деген ұмтылысы әркімге өнеге болардай-ақ. Ізгілікке жетудің жолын мейірімділіктен іздеген студент-жастарымызға Ардагерлер үйінің, Балалар үйінің басшылығы шынайы алғыстарын жеткізіп, педагогика саласының болашақ мамандарына ақ жол тіледі. Жасыл желекке оранған ару

қала Алматыны қара шаңырақ ҚазҰПУ жастары қашан да гүлдендіріп, көркейте бермек.

Жастар ісі жөніндегі комитет





ҰЛЫСТЫҢ ҰЛЫ КҮНІ ҚАРА ШАҢЫРАҚТА

Жер-жаһанды сері самалға өткізіп, жұрттың аузын аққа жеткізіп, нұр тамшыларын аямай төккізіп, Самарқанның көк тасын ерітіп, алтынкүрекпен жер жүзін жібітіп, тас жүректерді мейіріммен үгітіп, жеті қат жер астына дейін балқытып, жыл құстарының әнін шалқытып, Жетісуға жасылдан көйлек кигізіп, Сарыарқаны самал желге сүйгізіп, Алатаудың төбесінен көкке тигізіп, Қаратауға құт-берекені үйгізісетін дүбірлі думан қара шаңырақ білім ордасында тойланды. **2016 жылдың 11-20 сәуірі** аралығында университет ректоры, академик С.Ж. Пірәлиевтің бекітіліп берілген жопарына сәйкес университетіміздің институттарында Алматы қаласының 1000 жылдығы, Тәуелсіздігіміздің 25 жылдығына орай Ұлыстың ұлы күні Наурыз мейрамы ұлықталды. Тарихи тамыры тереңде жатқан жаңару мен жанданудың, мейірім мен ізгіліктің мейрамы Наурыз тойына арналған мерекелік кешке университет басшылығынан бастап барлық профессор-оқытушылар құрамы мен студенттер қауымы белсене атсалысты. Алғашқы күні Жаратылыстану және география институтында мерейлі мейрам аталып өтті. Университетіміздің бірінші проректоры М.Е. Ермағанбетов институттық профессор-оқытушы құрамы мен қызметкерлерін құттықтады.



12 сәуір күні Педагогика және психология институтында тойланып, ұлттық салт-дәстүрлеріміз бен құндылықтарымыз ұлықталды. Ұлттық ойын «арқан тартыс» ойналып, ғұрпымыз жаңғыртылды.



13 сәуір күні Өнер, мәдениет және спорт институтында «Алматы қаласының 1000 жылдығы қарсаңындағы әз-наурыз мерекесі» атты тақырыпта аталып өтті. Думанды мерекеде ұлттық салт-дәстүрлерді насихаттау мақсатында келесідей іс-шаралар ұйымдастырылды:

- «Ең үздік ұлттық киім» номинациясы бойынша конкурс;
- «Ең үздік көрініс» номинациясы бойынша кафедралар арасында қойылымдық жарыс ұйымдастырылды.

14 сәуір филология институтында «Наурыз» мейрамы университетіміздің «Спартак» спорт кешенінің алаңында өтті. Көктемнің шуақты күні мейрамды нұrlандыра түсті. Атаулы мереке филология институтының өнерлі ұл-қыздарының «Күн мен түннің теңелуі» атты биінен бастау алды. Бұл мейрам «*Наурыз-Орда*», «*Наурыз-Дәстүр*», «*Наурыз-Думан*», «*Наурыз-Сән*» сынды номинация бойынша кафедралардың думанды жарысқа түсуімен ерекшеленді.



15 сәуір күні Көптілді білім беру институты мен Математика, физика және информатика институтында тарихи тағылымы зор, дәуір беттерін парақтайын Ұлыстың ұлы күні мейрамы тойланды. Көптілді білім беру институтының мерекелік концерті екі бөлімнен тұрды. 1-бөлімі **«Тарих тағылымы»** атты театрландырылған көрініс арқылы қазақ халқының ақтабан шұбырынды жылдарынан бастап, тәуелсіздікке қалай жеткенін бейнелейтін қойылымдармен тарих беті тізбектеліп көз алдыдан өтсе, 2-бөлімде **«Нұр себеле аз Наурыз!»** атты әсем әуен мен қалқыта билеген студенттердің өнеріне арналған үлкен концертке ұласты.



20 сәуір күні Тарих және құқық институтында Алматы қаласының 1000 жылдығы қарсаңындағы аз-наурыз мерекесі аталып өтті. Думанды кеште ұлттық салт-дәстүрлерді насихаттау мақсатында келесідей іс-шаралар ұйымдастырылды. **«Нәрестені қырқынан шығару»**, **«Тұсау кесер»**, **«Қыз**

көрсету», «Құда түсу» сында қазақ әдет-ғұрыптары замана биігінде жаңғыртылды.



Ал, **21 сәуір күні** Сорбонна-Қазақстан институтында Ұлыстың ұлы күні жоғары деңгейде аталып өтті. Бұл мейрамға Қазақстандағы Франция елшілігі өкілдері қатысып, дәстүрімізге құрмет білдірді.



**Тәрбие жұмысы, жастар саясаты
және мемлекеттік тілді дамыту басқармасы**